

**Қамқоршылық кеңес отырысының
хаттамасы № 1**

Атасу кенті, Б.Амалбеков ЖОББ мектеп базасындағы
ресурс орталығы

30.04.2019ж.

Қатысқандар: 1. Малайсаринова А.И.- Төрәйімі, Каспий банк, бухгалтер
2. Сұлтанова А.- хатшы, кәсіпкер ЧП "Жібек жолы"
3. Қожықаев Қ.Ш., - мүшесі, Аудан әкімінің орынбасары
4. Омарбаева А.- Төрәйімі, кәсіпкер ЧП "Атасу"
5. Баубеков А.- мүшесі, Аудандық сот
6. Нұркенов Р.- мүшесі, жеке кәсіпкер
7. Дүйсенбаев Б.- мүшесі, кәсіпкер ЧП "Алия"
8. Есенбаев Н.- мүшесі, Каз Транс ОЙЛ
9. Касенбекова Н.- «Балдырған» балабақшасы, тәрбиеші

Күн тәртібі

1. 2018 жылдың желтоқсаны 2019 жылдың мамыр айлары аралығындағы мектепке көрсетілген қайырымдылық көмектің жұмсалуды бойынша мектеп директорының есебі. Мектеп директоры С.С. Бибосынов

Тыңдалды: мектеп директоры С.С. Бибосынов

Б.Амалбеков атындағы ЖОББМ базасындағы тірек мектебінде ІІ жартыжылдық бойынша аз қамтылған (әкесі, шешесі жоқ), қамқорлықтағы, көп балалы жанұяларының мектеп жасындағы балалары туралы көрсеткіш – 204 оқушы, оның ішінде – 10 оқушы қамқорлықта, әкесі жоқ – 60 оқушы, шешесі жоқ – 3 оқушы, аз қамтылған – 8 оқушы, көп балалы – 123 оқушы. Аз қамтылған, көп балалы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тегін ыстық тамақпен – 45 оқушы қамтылды. Осы оқушылардың құжаттары стандартқа сәйкес толық жинақталып аудандық білім бөліміне тапсырылды. Асханадан күнде оқушыларға тамақ берілісі қадағаланып ай сайын аудандық білім бөліміне табель тапсырылады.

Қаңтар айында «Қамқорлық қайырымдылық» республикалық акциясы өтті. **Акция мақсаты** – күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім – балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған балалардың өзге де санаттарына әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету. Әлеуметтік себептер бойынша (киімнің, аяқ киімнің, мектепке керек – жарактарының) сабақтарға балалардың келмеуінің алдын алу болып табылады. Осы акцияға байланысты мектеп дәлізінде «Қамқорлық» акциясының жәшігі ілінді. 6 « в » сыныбының оқушысы аз қамтылған Абжанова Қызғалдаққа 2000 теңгеге юбка алып берілді. Және де «Ақтайлақ қайырымдылық» қорымен бірлесе отырып мектептен аз қамтылған 2 « г » сыныбының оқушысы Хамзе Айсара, 5 « б » сыныбының оқушысы Хамзе Аружан, 1 « б » сыныбының оқушысы Асанов Ержігітке – қыстық етіктер, куртка бас киімдер, спорттық киімдер барлық соммасы – 48 500 теңге соммасына киімдер әперді. Және де аудан көлемінде ұйымдастырылып жатқан қайырымдылық қорларының мүшелерімен бірлесіп қамқорлықтағы 9 « в » сыныбының оқушылары Күлменді Наурызбай мен Күлменді Айгүлдің пәтерлеріне барып азықы – түліктер апарылды. 2 « г » сыныбының оқушысы Хамзе Айсара мен 5 « б » сыныбының

оқушысы Хамзе Аружанның пәтерлеріне барып азық – түліктер апарылып берілді. Жалпы көрсетілген сомма – 30000 мың теңге.

Барлық көрсетілген көмек қорының соммасы – 80 500 мың теңге.

Жетім, көпбалалы, аз қамтылған балаларға аудандық білім бөлімінен

20 оқушыға (оның ішінде 17 оқушыға етік, 7 оқушыға куртка) қысқы курткалар мен етіктерге сұраныс берілген болатын. 7 оқушыға қыстық курткалар АКТ жасалынып оқушыларға таратылды.


Мектептің кәсіподақ ұжымы бастамасымен мұғалімдер ұжымы 68 500 тенгеге мұғалімдер бөлмесіне диван мен екі креслоны және 55 000 тенгеге тігін машинаны тарту етті.


Жеке кәсіпкер Рахымжанов Болат Бошановичтың наурыз мерекесіне арналған банер 20 000 тенгеге шығарып берді.


Мектептің ата-анасы Мукушев Габиулланның демеушілігімен мектептің коршауына ворота мен қалитка 250 000 тенгеге тарту етілді.

Шешімі: 1. 2018 жылдың желтоқсаны 2019 жылдың мамыр айлары аралығындағы мектепке көрсетілген қайырымдылық көмектің жұмсалуды бойынша мектеп директоры С.С.Бибосыновтың есебі қанағаттанарлық, мектепке көрсетілген материалдық қолдау жұмыстары нәтижелі, әділ, айқын деп танылсын.


Кеңес төрайымы: Малайсаринова А.И.


Хатшы: Сұлтанова А. 


Мүшелері: Қожықаев Қ.Ш. 

Омарбаева А.- 

Баубеков А. 

Нұркенов Р. 

Дүйсенбаев Б. 

Есенбаев Н. 

Касенбекова Н. 